

Көңілді тапқырлар



Жоспары

- *Кім жүйрік ойға- сол алады*
- *Мақал-мәтел айтайық*
- *Жұмбақтар шешу*
- *Суретшілер сайысы*
- *«Фигураларды таңда» тренингі*
- *Қорытынды.*





Кім жүйрік ойға- сол алады



- ❖ *Ұшақ А қаласынан В қаласына дейін 1 сағат 20 мин. ұшады да, қайтарда 80 минут ұшады. Себебін түсіндір?*

Жауабы: екеуі тең

- ❖ *Үш нар ат 30 км шапса, әр ат қанша км шабады?*

Жауабы: 30 км

- ❖ *Төрт қойдың неше аяғы бар?*

Жауабы: 16

- ❖ *Үш майшам жанып тұрды, екеуін сөндірсе нешеуі қалады?*

Жауабы: екеуі

❖ *Үш әкесі мен алты ұлы серуенге шықты. Олар 42 алма сатып алды, әрқайсысына 6 алмадан тиді. Бұл қалай болғаны?*

Жауабы: 1 ата, 2 әке, 4 баласы

❖ *Жанарда бір бүтін, екі жарты, төрт ширек алма болды. Барлығы қанша алма?*

Жауабы: 3

❖ *Тоғайда 10 қарға отыр. Аңшы 2-еуін атып алды. Нешеуі қалды?*

Жауабы: 2

❖ *Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың біреуін атып алды. Олардың нешеуі қалды?*

Жауабы: түйеқұс ұшпайды

❖ *Екі қолда 10 бармақ, 10 қолда неше бармақ?*

Жауабы: 50

❖ *Жаңа туған пілдің баласы 1 тоннаның $1/8$ бөлігін тартады. Пілдің баласы неше кг тартады?*

Жауабы: 125 кг



Мақал-мәтел айтайық



- *2 жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас.*
- *7 атасын білмеген жетесіз*
- *білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.*
- *5 бармақ жұмылса, жұдырық болады.*
- *30 тістен шыққан сөз, 30 рулы елге тарайды.*
- *1 кісі қазған құдықтан, 1000 кісі су ішеді.*
- *7 жұрттың тілін біл, 7 түрлі білім іл.*
- *50 жылда ел жаңа.*
- *ердің 2 сөйлегені өлгені*
- *қызға қырық үйден тыйым.*
- *жүз сомың болғанша, жүз досың болғаны артық.*
- *Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі.*



Жұмбақтар шешу



- ❖ *VI-IV=XI бір шырпыны қозғау арқылы дұрыс теңдік шығар.*

Жауабы: VI+V=XI

- ❖ *Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата. Айжан мен Маржан Асқар мен Мұраттың қыздары. Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса, бұлардың әрқайсысының әкелерінің аты кім?*

Жауабы: Айжан-Мұрат, Маржан-Асқар

- ❖ *Арман, Аян, Абзал ағайынды үшеуі әртүрлі сыныпта оқиды. Абзал Арманнан, ал Аян Абзалдан кіші емес. Бұл үйдің үлкені, ортаншысы, кішісі кім?*

Жауабы: Үлкені- Аян, ортаншысы-Абзал, кішісі-Арман

Бір үйге ұрылар түспекші болады. Оларды байқап қалған кемпір ұрылар естісін деп,-

«Сапырып- сапырып Сарманға бер,

Құйып- құйып Құрманға бер,

Есіктегі екеуге бер,

Төрдегі төртеуге бер,

Өзің іш те, маған бер», -деген екен.

Мұны естіген ұрылар

«Мұнымыз бекер болар, бұл үй толы кісі, әрі бізден екі есе артық екен, кетейік»- деп кетіп қалыпты.

Кемпір тапқырлығымен ұрыларды осылай қорқытыпты.

Сонда үйдегі адамдар нешеу, ұрылар нешеу?

Жауабы: 10 адам, 5 ұры



*Түйе бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос лақты, қос ешкі
Төрт қозылы екі қой,
Бәрін бірге ойлап қой.*

Жауабы: 17



Суретшілер сайысы



Әр топтан үш оқушы шығып, қатарынан
екі қолымен математикалық
фигураларды салу








«Фигураларды таңда» тренингі



*Үшбұрыштар, төртбұрыштар,
тік төртбұрыштар, дөңгелектер, қизаш
сызықтарды әр оқушы өзіне ұнаған
фигураны таңдайды.*





Әрдайым уақытымен жүретін, ережелерді, нұсқауларды нақты орындайтын, фактілерге бағдарланатын, жазба жұмыстарға қабілетті, ұқыпты, таза, сақ, үнемді, жігерлі, шыдамды, қатаң шешім қабылдағыш, төзімді, еңбекқор, кәсіптік эрудициялы, әлсіз саясаткер, достары мен таныстарының аздығы байқалатын тұлғаға тән.




Көшбасшы, басшылыққа ұмтылушылық, жеңіске бағыттылық бар. Мәселе негізінде бағдар қою, өзіне сенімді, шешім қабылдағыш, импульсивті, батыл, таусылмас күші бар екендігі байқалады.


Жоғары еңбекқорлық, шыдамсыз, керемет саясаткер, ұшқыр ойлы, қарым-қатынас ортасы кең.



Түсініксіз, қозғыш, әрбір жаңа жағдайда жағымды көзғараста болады. Сонымен қатар, батылдығы болса да кейде өз-өзіне сенбейді, өзін-өзі бағалауы төмен, көңіл-күйі тез өзгергіш, қарсы әрекеттерден қашады. Ұмытшақтық, заттарды жоғалтуға ынталы, басқа адамдардың қылығын қайталап салушылық бар.



Қарым-қатынасқа түсуге үлкен қажеттілік, жылы жүзділік, өзгеге қамқорлық, кең пейілділік, интуициясы жақсы дамыған, сабырлылық, өзін-өзі кіналауға және әлсіздікке құштарлық, эмоционалды сезімталдық, сенгіштік, қоршаған адамдардың пікіріне сүйенушілік, шешімсіздік байқалады.



Өзгерістерге құштар, шығармашыл, интуициясы өте жақсы дамыған, өзіндік жаңашыл идеялары, болашаққа ұмтылысы бар, арманшыл, импульсивті, көңіл-күйі тұрақсыз, өзі жеке жұмыс істеуге ынталы, қағаз көп жазатын жұмыстарды жақтырмайды, ұшқыр ойлы, ортаның адамы.



Назарларыңызға

рахмет!